

"Отандық әлеуетті өнім берушілердің санаттарын мемлекеттік қолдау шараларын айқындау туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 29 желтоқсандағы № 1353 қаулысына өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 24 желтоқсандағы № 1664 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 11 мамырдағы № 470 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 11.05.2014 № 470 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Отандық әлеуетті өнім берушілердің санаттарын мемлекеттік қолдау шараларын айқындау туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 29 желтоқсандағы № 1353 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2007 ж., № 50, 626-құжат) мынадай өзгеріс пен толықтырулар енгізілсін: көрсетілген қаулымен бекітілген отандық әлеуетті өнім берушілерден сатып алынатын тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) номенклатурасында:

3 - т а р м а қ т а :

16) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:
«16) жарнамалық-ақпараттық және баспа қызметтері;»;
мынадай мазмұндағы 17) және 18) тармақшалармен толықтырылсын:
«17) әлеуметтік-экономикалық мақсаттағы ғарыш аппараттарының Ку-жиілік диапазонындағы транспондерлерін ұсыну бойынша қызметтер;
18) «KazSat» әлеуметтік-экономикалық мақсаттағы ғарыштық байланыс жүйесін пайдалану арқылы Ку-жиілік диапазонында тіркелген спутниктік байланысты қолдануды көздейтін байланыс және (немесе) телерадиохабар тарату қызметтері.» .

2. Осы қаулы 2013 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Премьер-Министрі

*Қазақстан Республикасының
С. Ахметов*